

۲۳۵


(Мұхаммед F.C.) егер Раббың қаласа, адамдарды бір-ақ үммет қылар еді. Олар үнемі қайшылықта тұруда. (Алла Т. сынақ үшін еркіне қойды. Б.М.Р.Т.Ж-Қ.) (118) Бірақ Раббыңың мәрхамет еткені басқа. Оларды сол үшін жаратты. Раббыңың: "Әрине тозақты бүкіл жындар және адамдар мен толтырамын" деген сөзі тұра шықты. (119) (Мұхаммед F.C.) саған пайғамбарлардың қиссасын көңлінді орнықтыру тұргысынан баян етеміз. Осында саған хақиқат

және мұміндер үшін бір насхат әрі түсінік келді. (120) (Мұхаммед F.C.) сондай иман келтірмегендеге: "Өздеріңше істендер. Расында біз де істейміз" де. (121) "Сендер де соңын күтіндер, біз де күтеміз" (де) (122) Көктеген мен жердің сырьы Аллаға тән. Истің бәрі Соған қайтады. Ендеше, Соған құлшылық қылып, Соған тәуекел ет. Раббың істейтін істеріңден ғапыл емес. (123)

12- ЮСЫП СҮРЕСІ


Меккеде түскен, жұз он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. Бұлар ап-айқын Құранның аяттары. (1) Расында біз мұны Арапша Құран түрінде түсірдік, әрине түсінерсіңдер. (2) (Мұхаммед F.C.) саған бұл Құранды уахи етуімізben өзіңде қиссалардың ең жақсысын баян етеміз. Негізінде сен бұдан бұрын әрине хабарсыз едің. (3) Сол уақытта Юсып (F.C.) әкесіне: "Әкетайым! Рас мен түсімде он бір жүлдyz және күн мен айды, маган сәждे қылғанын көрдім" деді. (4)

(Яғқұп F.C.): "Эй балақайым! Түсінді туыстарыңа айтпа! Саған бір айлакерлік жасар. Расында шайтан адам баласына ашық дүшпан" деді. (5) "Міне осылайша Раббың сені үнатады. Саған түстердің жоруын үйретеді. Бұрынғы аталарың ыбырайым, ысхақ (F.C.) тарға нығметтерін тамамдағандай саған және Яғқұп (F.C.) үрпағына нығметтін толықтастырады. Шекіз Раббың толық білуші, хикмет иесі" (6) Расында Юсып әрі туыстарың киссасында сұраушылар үшін өнегелер бар. (7) Сол уақытта туыстары: "Юсып және туысы, (Бінямын) әкемізге бізден жақсы көрінеді. Біз болсақ мықты бір топпыз. Дау жоқ, әкеміз ашық адасуда" деді. (8) Олардан бір айтушы: "Юсыпты өлтіріндер немесе бір жерге апарып тастаңдар. Өздеріңе әкелеріңің алды бос қалады. Артынан да тұзу бір топ боларсыңдар" деді. (9) Иштерінен тағы бір айтушы: "Егер менің айтқанымды істейтін болсаңдар, Юсыпты өлтірмейдер де оны бір құдықтың түбіне тастаңдар. Қейір жүргінші тауып алар" деді. (10) Олар: "Әй әкеміз! Юсып туралы бізге



۲۳۶


сенбейтін саған не болды? Эрине оған қамқормыз" десті. (11) "Ертең оны бізben бірге жібер. Тамақтансын, ойнасын. Расында біз оны қорғаушымыз" десті. (12) (Яғқұп F.C.): "Расында сендердің оны алып кетулерің маган уайым салады. Әрі сендер оған кәперсіз қалып, оны қасқыр жеуінен қорқамын" деді. (13) Олар: "Біз мықты бір топ бола тұра оны қасқыр жесе, әрине сол уақытта зиянға ұшыраушылардан болармыз" десті. (14)



(Туыстары Юсыпты қырга алып шығып, әр түрлі аяусыз жапалар көрсетіп, қатты қинап өлтіруге жақындейды. Ол, оларга жылап, еніреп жалбарынгандықтан өлтірмей әкелеріне қасқыр жеді деп, қанга бояп көрсету үшін жейдесін шешіп алып, жандары ашымай беліне жіп байлап құдыққа салбыратып тұрып, жібін кескен сәтте, Алладан Жебірейіл арқылы Юсып F.C. гапайғамбарлық келеді. Б.Ж.К.Р.Т.Ж-Қ.) Сонда олар, Юсыпты алып кеткен кезде, бәрі оны

құдықтың түбіне тастауға бірлесті. Оған: "Туыстарыңа әлбетте осы істерінің хабарын бересің. Олар сезбейді" деп уақи еттік. (15) Олар іңірде әкелеріне жылап келді. (16) "Әй Әкемі! Біз жарысып кеткенде, Юсыпты нәрселеріміздің жанына тастап кетсек, сонда оны қасқыр жепті. Енді шын айтсақта, бізге сенбейсің гой" десті. (17) Сондай-ақ, олар оның жейдесіне өтірік қан жағып әкелді. Экелері: "Олай емес! Сендерге нәпсілерің бір істі жақсы көрсеткен екен. Енді көркем сабыр керек. Айтқандарыңа Алладан жәрдем тіленеді" деді. (18) (Уш күннен кейін Мәдяннан Мысырға бара жатқан керуен адасып, құдыққа жақын түседі. Б.М.К.Ж.Р.Т.) Бір жүргінші келіп, дереу суышыларын жіберді; ол қауғасын салып: "Ой шүйінші! Міне бір еркек бала" деді. Олар оны сауда малы етіп, жасырып қойды. Алла, олардың не істегендерін толық біледі. (19) Олар оны кем бағаға бірнеше теңгеге сатып жіберді. Өйткені, Олар Юсыпқа ынтық емес еді. (20) Мысырдағы оны сатып алған кісі әйеліне: "Орнын құрметтеп жақсы бақ. Мұмкін бізге пайдасы тиер немесе бала қып алармыз" деді. Осылайша Юсыпты ол жерге онналастырып, оған түстердің жоруын үйреттік. Алла өз ісіне өктем, бірақ адамдардың көбі білмейді. (21) Ол ержеткенде, оған даналық, білім бердік. Жақсылық істеушілерді естіп сыйлаймыз. (22)

(Бұл Юсыпты жүргіншіден сатып алған, Мысырдың казына уәзірі Кытпирдің әйелі Зілиха еді. Ол уақытта Мысыр патшасы Уалит ұлы Риян иман келтіреді. Б.Ж.М.К.Р.) Юсып тұрган үйдің әйелі (Зілиха), оның кеңлін өзіне тартпақшы болды да есіктерді бекітті: "Қане кел бері!", - деді. Юсып (F.C.): "Аллаға сиынамын. Ол (ерің) қожайыным, мені жақсы орынга қойды. Шынында залымда рұтылмайды" деді. (23) Расында әйел одан ой қылды. Егер Раббының дәлелін көрмесе, Юсып та одан ой қылған болар еді. Юсыптан жамандық, арсыздықты бұруымыз түшін естідік. Өйткені, ол ықыласты құлдарымыздан еді. (24) Екеуі есікке жүгірді де әйел, оның жейдесін арт жағынан жыртып алып қалды. Екеуі есік алдында әйелдің қожайынына кездесіп қалып, әйел еріне: "Сенің жұбайыңа жамандық ойлаған біреудің жазасы сәсіз абақты немесе жан түршігерлік азап" деді. (25) Юсып (F.C): "Ол, көңлімді өзіне тартпақшы болды" деді. Эйел жағынан бір айғақ: "Егер Юсыптың жейдесі алдынан жыртылса, әйел шын айтты да ол, өтірікшілерден болады" (26) "Оның жейдесі артынан жыртылса, онда әйел өтірік айтты да



Ол, шыншылдардан" деп қуәлік берді... (27) Сонда оның жейдесінің арт жағынан жыртылғанын көрген ері: "Міне бұл, әйелдер, сендердің құлыштарың. Расында сендердің амалдарың тұлken" деді. (28) "Юсып, мұны қоя сал! Ханым, сен күнәң түшін жарылқану тіле! Расында сен қатөлесушілерденсің!", - (деді) (29) Қаладағы қатындар: "Бастықтың әйелі жігітінен көзіл қыпты. Расында әйелді махабbat баурапты. Элбетте біз оны ашық адасуда көреміз" деп есектеді. (30)


فَلَمَّا جَعَتْ بِسْكَرْهُنْ أَرْسَلَتْ إِلَيْهِنْ وَاعْتَدَتْ مِنْ شَكَارَوْاتْ
كُلَّ وَجْهٍ وَمِنْهُنْ مِسْكَنَاوْ قَالَ أَخْرَجْ عَلَيْهِنْ طَهَارَةَنْ وَأَكْرَنْهُ
وَقَطَعْنَ يَدَيْهِنْ وَقُلنَ حَسَلَلَهُ مَا هَذَا بَاسْرَانْ إِنْ هَذَا إِلَّا إِلَامَكْ
كَرِيمَهُ ﴿٣﴾ قَالَتْ فَذَلِكُنَ الَّذِي لَتَتَنَقَّيْ فِيهِ وَلَقَدْ رَوَدْتُهُنْ عَنْ
قَصْبِهِ، فَأَسْعَصْمُ وَلَيْنَ لَمْ يَفْعَلْ مَااءَ امْرَهُ لِسْجَنْ وَلِكُونَتْ
مِنَ الصَّاغِرِينَ ﴿٤﴾ قَالَ رَبِّ الْسَّجْنِ أَحَبُّ إِلَيَّ مَا يَدْعُونَ
إِلَيْهِ وَإِلَاصْرِفْ عَنِي كَيْدَهُنْ أَصْبَهُ إِلَيْهِنْ وَأَكْنَ مِنْ لَبْهُولَانْ
﴿٥﴾ فَأَسْتَجَابَ لَهُرِيمُهُ مُغَرَّفَ عَنْهُ كَيْدَهُنْ إِنَّهُ مُوَسَّعٌ
الْعَلِيمُ ﴿٦﴾ ثُمَّ بَدَأَهُمْ بِعَدْ مَارَاوْ إِلَيْنَتْ لِيَسْجُنَهُ
حَقَّ حِينَ ﴿٧﴾ وَدَخَلَ مَعَهُ أَسْسِجَنْ فَتَبَيَّنَ قَالَ أَحَدُهُمَا
إِنِّي أَرَنَى أَصْبَرُهُمْ أَخْمَرَ وَقَالَ الْأَخْرَى إِنِّي أَخْمَلُ وَقَرَ
رَأَسِي خَزَانَاتِكُمْ كُلُّ الطَّيْرِ مُنْدَبِشَانَاتِي وَبِلِهِ إِنَّا نَزَدُكُمْ مِنَ
الْمُحْسِنِينَ ﴿٨﴾ قَالَ لَيْأَيْسِ كُمَا طَعَامُ تُرْزَقَاهُ إِلَيْنَاتِكُمَا
بِتَأْوِيلِهِ، قَبْلَ أَنْ يَأْتِي كُمَا ذَلِكُمْ مَاعَلَنِي رَبِّ إِنِّي تَرَكْتُ
مِلْهَ قَوْمٍ لَا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَهُمْ بِالْآخِرَةِ هُمْ كَفُرُونَ ﴿٩﴾

۱۳۹

Зілиха, қатындардың өзіне сөгіс бергендіктерін естігенде; оларға шақыру жіберіп, олар түшін стиеніп отыратын диван әзірледі де әрбіреуіне бышақ беріп, Юыпқа: "Шық, оларға көрін!", -деді. (Жеміс кесіп отырган қатындар,) оны көрген сэтте, бір түрлі ірі бағалап (естері шырып) өз қолдарын турады. Қатындар: "Ой Алла! Мынау адам емес; бұл бір құрметті періште-ақ қой" десті. (31) (Зілиха оларға): "Ал міне, мені өсектегендерің осы. Расында оның қөндін мен қаладым.

Сонда да абырай сақтады. Және де ол, әмірімді орында маса, әлбетте абақтыға салынып, қор болушылардан болады" деді. (32) (Юсып F.C.): "Раббым! Бұлардың, мені істеуге шақырган істерінен маган зіндан стүкімдірек. Егер бұл қатындардың стұмдықтарын менен бұрмасаң, оларға бейімдеп надандардан боламын" деп тіледі. (33) Сонда Раббы тілегін қабыл етіп, одан қатындардың сығандықтарын тойтартды. Өйткені Ол Алла, толық естуші, ете білуші. (34) Сонсоң оларға дәлелдер көрінгеннен кейін де оны бір мерзімге дейін абақтыға салды. (35) Және де Юсыппен бірге екі жігіт абақтыға кірді. Ол екеуінің бірі: "Мен ттсімде арақ сыққанымды көрдім" деді. Екіншісі: "Мен тебеме наң көтеріп жүр екемін. Одан құс жегенін көрдім. Бізге бұл тұстірдің жоруын айтып бер. Күдіксіз, біз сені жақсылық қылышылардан көреміз" деді. (36) (Юсып F.C. оларға): "Сендерге көректендірілетін тамақ келмей-ақ екеуіңе де тұстің жоруын айтып беремін. Бұл маган Раббының түреткендерінен. Шынында Аллага сенбеген және ақиреде күніне қарсы келген бір елдің дінін тастаным" деді. (37)

"Аталарым, ыбырайым, ысхақ және Яғқұп (F.C.) тардың дінін қудым. Біздің Аллаға ешбір шерік қосуымыз тиісті емес. Бұл бізге әр адам баласына Алланың бір мәрхаметі. Бірақ адамдардың көбі шүкірлік қылмайды." (38) "Әй менің абақты жолдастарым! Бөлек-бөлек Раббылар жақсы ма? Немесе әр нәрсеге өктем жалғыз Алла жақсы ма?" (39) "Сендердің Одан өзге шоқынған нәрселерің, сендер әрі аталарың атаган құр аттар ғана. Алла, оларға табынуға байланысты ешбір дәлел түсірмеген. Үкім Аллаға ғана тән. Ол, өзіне ғана құлышлық қылуларынды бүйірган. Міне осы, түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі білмейді" (40) "Әй абақты жолдастарым! (Бұл түс көркен екеуінің бірі патшаның сушысы, бірі ашпазы екен.) Біреуің қожайынына арақ ішкізеді. (Бұрынғы жұмысын істейді.) Ал басқа біреуің дереу асылып, басын құс шоқиды. Міне екеуің жоруын сұраған іс бітті." (41) Құтылады деп



ойлаган екеуінің біреуіне: "Қожайыныңың жаңында мені ескер!", - деді (Юсып F.C.). Сонда шайтан қожайының алдында еске алуды ұмыттырды да сондықтан Юсып бірнеше жыл абақты да жатып қалды. (42) (Бір күні) патша: "Түсімде, жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл сабақтар, тағы сондай қурагандарын көрдім. Эй сыйбайластар! Егер түс жоритын болсаңдар, менің түсімді жорындар" деді. (43)




قَالُوا أَضْغَنْتُ أَخْلَقِي وَمَا عَنِّيْتُ بِتَأْوِيلِ الْأَطْهَمِ يَعْلَمُ بِعِلْمِنَ^(٤٣)
وَقَالَ الَّذِي خَامِنَمَا وَأَذْكَرَ عَدَمَةَ آنَا إِنْتَ كُمْ بِتَأْوِيلِهِ
فَأَرْسَلُونَ^(٤٤) يُوسُفَ إِلَيْهَا الصِّدِيقِيْنَ أَقْتَنَافِ سَبِيعَ بَقَرَاتِ
سَمَانِيْنَ أَكْلَهُنَ سَبِيعَ عَجَافِ وَسَبِيعَ شُبْكَنِتِ حُصْرِ
وَأَخْرَى يَاسِتَ لَعْلَى أَرْجِعَ إِلَى النَّاسِ لَعْلَهُمْ يَعْلَمُونَ^(٤٥) قَالَ
تَزَرَّعُونَ سَبِيعَ مِنْنَ دَابَّا قَاهَصَدَمْ فَذَرُوهُ فِي سُبْلَيْهِ إِلَّا
قَلِيلًا مَمَّا كَلُونَ^(٤٦) ثُمَّ يَأْتِي مِنْ بَعْدِ ذَلِكَ سَبِيعَ شِدَادِيْا كُلُّنَ
مَاءْدَمَتْمَ لَمَّا إِلَّا قَلِيلًا مَمَّا حُصْنُونَ^(٤٧) ثُمَّ يَأْتِي مِنْ بَعْدِ ذَلِكَ
عَامِفِهِ يَغَاثُ النَّاسَ وَفِيهِ يَصْرُونَ^(٤٨) وَقَالَ اللَّهُكَ تَنَوَّفِ
يَهِ، قَلَمَاجَاهُ الرَّسُولُ قَالَ أَرْجِعْ إِلَى رَبِّكَ فَسَعَهُمْ مَابَأْلِ
النَّسُورَةُ الَّتِي قَطَعْنَ أَيْرِبَيْنَ وَرَبِّيْكَيْهِنَ عَلِمَ^(٤٩) قَالَ
مَا خَطَبُكُمْ إِذَا رَدَوْنَ يُوسُفَ عَنْ فَقْسِيْهِ قَلَنْ حَشَّ اللَّهُ
مَاعِلَمْنَا عَلَيْهِ مِنْ سُوءِ قَالَتِ امْرَأَتُ الْمَرِيزِ الْقَنْ حَصَّهَ
الْحَقُّ أَنَّا رَوَدْتُمْ عَنْ فَقْسِيْهِ وَأَنَّمُلِمْنَ الصَّنِيقَيْتِ^(٥٠) ذَلِكَ
لِيَلْمَعَ لَمْ أَخْنَهُ بِالْغَيْبِ وَأَنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي كِيدَ الْخَائِنِينَ^(٥١)


(Олар): "Бұл шым-шытырық бір түс екен. Сондықтан біз мұндай түстердің жоруын білмейміз" деді. (44) Ол екеуінің құтылғаны, Юсыпты бірталайдан кейін есіне алды да: "Мен сендерге оның жоруының хабарын беремін. Дереу мені (абақтыра) жіберіндер" деді. (45) (Ол, абақтыра барып): "Әй шынышы! Юсып! Бізге, жеті семіз сиырды жеті арық сиырдың жеуі және жеті жасыл сабақ пен қурагандары жайында жоруын бер. Олардың да оны білулері үшін адамдарға

қайтып барайын" (46) Юсып (F.C.): "Жеті жыл әдеттегіше егін егесіндер де сонда органдарында бастырмай сабақтарында қойып, бірақ аздал жейтіндерінді ғана аласындар." (47) "Тағы бұдан кейін жеті қатты (ашаршылық жыл) келеді. Бір аздал сақтағандарынан басқа бұрыннан сол үшін жинағандарынды жейсіндер." (48) "Ал бұдан кейін адамдар жаңбырга қанып онда жемістердің сұнын сығатын жыл келеді" деді. (49) (Мұны естіген) патша: "Оны маган алып келіндер" деді. Шабарман келген кезде, (Юсып F.C.): "Қожайыныңа қайтып бар. Ол, қолдарын кескен қатындардың максаттары не? Сұра! Күдіксіз Раббы, олардың кулықтарын толық біледі" деді. (50) (Патша қатындарды жинап алып): "Юсыптың көңлін алмақшы болғандарында жағдай не еді?" деп сұрайды. Эйелдер: "Алла сақтасын! Оған байланысты бір жамандық білмедік" десті. Уәзірдің әйелі де: "Міне шындық ортага шықты. Оның көңлін алууды мен қалаған едім. Расында, ол анық шыншылдардан" деді. (51) (Юсып F.C.): "Осы (қатындардан сұралу мәселе) расында оған астыртын қиянат қылмаганымы патшаның білуі үшін. Күдіксіз Алла, қиянатшылардың қастығын оналтпайды" деді. (52)

"Нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпіс жамандыққа бұтырады. Бірақ та Раббы мәрхамет етсе ол басқа. Күдіксіз Раббы өте жарылқашуыш, ерекше мейірімді" (53) Патша: "Оны маған алып келіңдер. Оны өзім түшін арнаулы адам қып алайын" деді. Патша Юсыпқа сөйлескен сәтте: "Эрине бүгін біздің алдымызда елеулі орның және сенімің бар" деді. (54) (Юсып F.C. патшага): "Мені мемлекеттің қазына бастығы қыл. Өйткені, мен оны қорғауды (басқаруды) білемін" деді. (55) Міне, осылайша Юсыпты ол жерге орналастырдық. Қалаған жерінде отыра алады. Қалағанымызды мәрхаметімізге белейміз. Сондай-ақ жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмаймыз. (56) Эрине иман келтіріп, тақуа болғандардың ақиредегі сыйлығы тағы жақсы. (57) (Ашаршылық жылдарында) Юсыптың туыстары келіп, жанына кірді. Сонда Юсып оларды таныды. Олар, оны танымады. (58) Юсып (F.C.) олардың жүктегін әзірлеткен сәтте: "Маған әке бір туыстарың (Бінямын) ды ала келіңдер. Шын мәнінде астық толтырганымды және мейман достардың жақсысы екенімді көрмейсіндегер ме?", - деді. (59) "Егер оны маған келтірмесеңдер, менде, сендерге өлшеп берер жоқ. Сондай-ақ маған жақындаңдар." (60) Олар: "Біз оны әкесінен қалауга тырысамыз. Сөзсіз мұны



орындаимыз" десті. (61) Юсып (F.C.) жігіттеріне: "Олардың (астық сатып алуға әкелген) ез нәрселерін де жүктегінде ішпіне қойындар. Эрине түйлеріне қайтып барған кезде, оны біліп, мүмкін олар қайтып келер" деді. (62) Сонда олар әкелеріне қайтып барғандарында: "Әй әкеміз! Біздің өлшеу тоқтатылды. (Астық бермейтін болды.) Сондықтан туысмыз (Бінямын) ды бізден бірге жібер де (астық) өлшеп алайық. Сондай-ақ біз оны әлбетте қорғаймыз" деді. (63)




(Яғқұп F.C.): "Бұдан бұрын туысына байланысты сендерге сенгенім сияқты бұған да сендерге сенейін бе? Дегенмен, Алла толық қоргаушы әрі Ол, мейірімділердің ең мейірімдісі" деді. (64) Олар жүктөрін ашқанда, Өздеріне қайтарылған нәрселерін тапты да: "Эй әкеміз! Не іздейміз! Міне нәрселеріміз өзімізге қайтарылыпты, тағы семьямызды қамтамасыз етіп, туыстарымызды қоргаймыз. Сондай-ақ тағы бір түйе (астық) өлшеуімізге болады. Негізінен бұл

өлшеп әкелгеніміз шамалы" десті. (65) Экелері: "Бәрің бір-ақ қолды болып кетпейінше, оны міндettі түрде маган әкелулеріце байланысты Алланың атымен серт бергенге дейін оны сендермен бірге жібере алмаймын" деді. Сөйтіп олар, әкелеріне серт берген сette, әкелері: "Алла айтқанымызға уәкіл" деді. (66) Балаларына: "Әй балаларым! Қалаға бір қақпадан кірмей бөлек-бөлек қақпалардан кіріңдер. Онымен қатар сендерден Алланың бүйрығынан еш нәрсені кетіре алмаймын. Үкім Аллаға ғана тән. Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ тәуекел етушілер Оған тәуекел етсін" деді. (67) Олар, әкелерінің әмірінше, кірген болса да олардан Алланың тақдырынан ешинарсыні кетіре алмайтын еді. Бірақ Яғқұп (F.C.) көңліндегі бір хажетін ғана атқарған болды. Өйткені ол, біз түреткендіктен білім иесі еді. Алайда, оны адамдардың көбі білмейді. (68) Олар Юсыптың жанына кіргенде, Юсып туысын (Бінямынды) өз қасына алып: "Мен, сенің інің мін. Олардың істегендеріне кейіме" деді. (69)



Юсып (F.C.) олардың нәрселерін қамдағанда, су ыдысын өз туысының жүгінің ішіне қойып, олар жұрген соң бір айгайышы: "Эй керуенші! Сендер анық ұрысындар" деп айғайлады. (70) Олар, бұларға бұрылыш: "Не нәрсе жоғалттындар?", - деді. (71) Бұлар: "Патшаның су ыдысын жоғалттық. Оны әкелген кісіге бір түйе жүксілік бар. Эрі мен оған жауаптымын" деді. (72) Олар: "Аллаға ант етеміз. Расында бұл жерге бұзакылық түшін келмегенімізді әрине білдіндер. Сондай-ақ біз үры емеспіз" деді. (73) Бұлар: "Егер өтірікші болсаңдар, оның жазасы не?", - деді. (74) Олар: "Оның жазасы, кімнің жүгінен шықса, сонда соның өзі жазалы. Біз залымдарды осылайша жазалаймыз" деді. (75) Өз туысының жүгінен бұрын олардың жүгін тінте бастап, соңсоң оны туысының жүгінен шыгарды. Осылайша Юсыпқа әдіс түреттік. Өйткені, Алла қаламайынша патшаның заңында туысын алып қала алмас еді. Қалаган кісіміздің дәрежелерін


кетереміз. Сондай-ақ әр ілім иесінің түстінде бір білуші бар. (76) Олар: "Егер бұл үрлік қылса, әрине туысы да бұрын үрлік қылған болатын" деді. Сонда Юсып (F.C) ол сөзді жүрегінде сақтап, оларға әшкерелемеді. (Ішінен): "Сендер тары жаман орындастындар. Алла айтқандарынды жақсы біледі" деді. (77) Олар: "Эй қожайын! Біның кәрі экесі бар. Сондықтан оның орнына бірімізді ал. Шын мәнінде біз сені игілік істеушілерден көреміз" деді. (78)




(Юсып F.C.): "Нәрсемізді жанынан тапқан адамнан басқаны алып қалудан Аллаға сиынамыз. Біз ол уақытта анық залымдардан боламыз" деді. (79) Олар, Юсыптан күдер түзген сәтте, оңашаланып кеңесті. Олардың тлкені: "Білмейсіндер ме? Расында әкелерің сендерге байланысты Алланың атымен серт алған. Сондай-ақ бұрын Юсып жайында орасан айыптысындар. Сондықтан маган әкем рұхсат бергенге немесе мен түшін Алла бір түкім қылғанға (өлгенге) дейін осы

жерден әсте айрылмаймын. Ол Алла түкім етушілердің ең жақсысы" деді. (80) "Сендер әкелеріңе қайтындарда: 'Әй әкеміз! Шын мәнінде үлцүн тұрық қылды. Біз білгенімізге ғана айғақпыз. Сондай-ақ біз көмestі білмейміз' деңдер." (81) "Ал біз ішінде болған қаладан және бізге кездескен керуеннен сұра. Сөз жоқ, біз шын айтамыз" (82) (Яғқұп F.C.): "Олай емес. Сендерді нәпсілерің бір іске қызықтырган екен. Енді маган көркем сабыр керек. Бәлкім Алла олардың бәрін маган келтірер. Өйткені, Ол толық білуші, хикмет иесі" деді. (83) (Яғқұп F.C.) олардан теріс айналып: "Ой қайран Юсып!", – деп күйіктен көздері ағарып, сонда ол қасіреттеніп іштей тынды. (84) Олар, әкелеріне: "Аллаға ант етеміз. Күйіктен ерігенге немесе типил болғанға дейін Юсыпты жоқтай бересің" деді. (85) (Яғқұп F.C.): "Мен күйзелісімді де күйінішімді де Аллаға ғана шағамын. Эрі Алладан сендер білмеген нәрсені білемін" деді. (86)

"Эй үлдарым! Барындар да Юсыпты және туысын іздестіріңдер! Сондай-ақ Алланың мәрхаметінен күдер үзбендер. Өйткені, Алланың раҳметінен, қарсы болған қауым гана күдер үзеді..." (87) Олар, Юсып (F.C.) қа барып, кірген сәтте: "Эй қожайын! Бізге және семьямызга ашаршылық тиді. Онымен қатар мардымсыз бір нәрсемен келдік. Сонда да толық өлшеп бер. Тіпті бізге садақа да бер. Құдіксіз Алла, садақа берушілерді сыйлайды" деді. (88) (Юсып F.C.): "Сендер білмestіктен Юсыпқа және туысына не істегендерінді білесіндер ме?", - деді. (89) Олар: "Сен өзің шын Юсыпсың ба?", - деді. "Мен Юсып мынау туысым. Расында Алла бізге игілік қылды. Шын мәнінде кім Алладан сақсынса, сабыр етсе, құдіксіз Алла жақсылық істеушілердің еңбегін за я қылмайды" деді. (90) Олар: "Аллага ант етеміз. Рас Алла сені бізге ықпалды етті. Өйткені, біз күнекар едік" деді. (91) (Юсып F.C.): "Бұгін




сендерге сөгіс жоқ. Алла сендерді жарылқайды. Ол мейірімділердің ең мейірімдісі" деді. (92) "Енді мына жейдемді абарып, әкемнің бетіне қойындар; көзі көруге келеді. Біртұтас үй-іштеріңмен маган келіңдер" деді. (93) Керуен Мысырдан айрылып шыққан кезде, олардың әкесі (Яғқұп F.C.): "Егер алжыды демесендер шын мәнінде мен Юсыптың исін алып отырмын" деді. (94) Ел: "Аллага ант етеміз. Эрине сен бұрынғы жан-сақтықтасың" деді. (95)



Шүйіншілік келген сәтте, жейдені Яғқұп (F.C.) тың бетіне қоя сала көзі қоруғе айналды: "Сендерге Алла тарапынан сендер білмейтін нәрсені білемін демеп пе едім?" деді. (96) Ұлдары: "Әй әкеміз! Біздің күнөларымыздың жарылқануын тіле! Расында біз кателескен едік" деді. (97) Яғқұп (F.C.): "Сендер үшін Раббынан жарылқау тілеймін. Өйткені, Ол аса жарылқаушы, ерекше мейірімді" деді. (98) Олар, Юсып (F.C.) тың қасына барғанда әке-шешесін өз қасына алды да:

"Алланың қалауы бойынша Мысырга бейбіт түрде кіріндөр" деді. (99) Әке-шешесін таққа көтерді. Барлығы Алла үшін сәждегө жығылды. (Юсып F.C.): "Әй әкетайым! Міне бурынғы көрген түсімнің жоруы. Рас оны Раббым хақиқатқа шығарды. Сондай-ақ шайтан туыстарым мен менің арамды бұзғаннан кейін, мені абақтыдан шығарып, сахарадан сендерді келтіріп, маған рас иғілік етті. Кудіксіз Раббым қалағанына өте мейірімді. Ол толық білуші, хикмет иесі" (100) "Раббым маған патшалық бердің және түстердің жоруын түрреттің. Көктер мен жердің жаратушысы, Сен дүние, ахиретте иемсің. Мені бой ұсынған күйде өлтіріп, игілерге қос!" (101) (Мұхаммед F.C.) саған бұл қиссаны көмес хабарлардан уахи етеміз. Олар іс жүзінде бірлесіп (Юсыпқа) мекерлік жасағанда, жандарында болмаған едің. (102) Сен, қанша ынтызар болсанда, адамдардың көбі иман келтірмейді. (103)



(Істегендеріңе) олардан ақы сұрамайсың. Ол Құран бүкіл әлемге тән үгіт. (104) Көктерде және жерде қаншалаган дәлел бар. Адамдар оған көңіл бөлмей өтеді. (105) Олардың көбі Аллаға иман келтірмейді. Сондай-ақ олар ортақ қосады. (106) Ал олар, Алланың баурап алушы азабынан немесе кенеттен сезбеген түрде қияметтің келіп қалуынан қауіпсіз болды ма? (107) (Мұхаммед F.C.): "Менің жолым осы. Алла жаққа шақырамын. Мен және маган ергендер, ашық дәлел үстінде. Алланы пәктеймін. Сондай-ақ шерік қатушылардан емеспін" де. (108) Сенен бұрын да кенттердің халқынан өздеріне уаки етіп, еректерді гана жібердік. Ал енді олар өздерінен бұрынғылардың соңының не болғанын жер жүзін кезіп көрмей ме? Эрине ақиред жұрты тақуалар үшін хайырлы, түсінбейсіңдер ме? (109) Хатте

пайғамбарлар күдер үзіп, олар шын мәнінде жасынға шығарылдық, деп ойлаған кезде, өздеріне жәрдеміз келген еді де сонда қалағанымыз құтқарылды. Сондай-ақ, бейнетіміз күнекар қауымнан қайтарылмайды. (110) Эрине пайғамбарлардың қиссаларында ақыл иелері үшін өнеге бар. Құран бір жасама сөз емес. Бірақ өзінен бұрынғы кітаптарды раставиды. Сондай-ақ иман келтірген ел үшін әр нәрсени ашықтайтын тұра жол және игілік. (111)